



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

субъективизма и ненапряженных критериев конкурентоспособности. Необходимо использовать методы, повышающие объективность оценки.

Наиболее известной является оценка конкурентоспособности туристической страны, проводимая Всемирной организацией туризма и путешествий (WTTC). В ежегодном докладе «Travel and Tourism Competitiveness Report», публикуемом в рамках Всемирного экономического форума «World Economic Forum (WEF)» [5], рассматривается индекс конкурентоспособности туристической различных стран, учитывающий факторы, влияющие на привлекательность туристической для развития и инвестиций. Все факторы подразделяются на три блока, в том числе блок «государственное регулирование». В данный блок входят такие показатели, как законодательные нормы, защита окружающей среды, безопасность, медицина и гигиена, приоритетность сектора.

Одной из наиболее известных и традиционных методик оценки конкурентоспособности регионов является методика, предложенная учеными ВШЭ [6]. Не перечисляя всех показателей, приведем только перечень тех, которые используются для оценки туристической привлекательности региона: доля объема услуг в сфере туризма в валовом региональном продукте, число коллективных средств размещения (гостиницы, мотели, кемпинги, санаторно-курортные организации отдыха) на 10 тыс. жителей, доля среднегодовой численности работников сферы туризма в общем числе занятых в экономике.

В настоящее время, на повышение экономической эффективности туристической деятельности в Казахстане наибольшей степени влияют факторы, связанные с осуществлением государственного регулирования туристической деятельности и уровнем развития туристической инфраструктуры в регионах нашей страны.

Разработка и реализация мер, направленных на усиление этих факторов, в наибольшей степени будет способствовать повышению экономической эффективности туристической деятельности и увеличению ее роли в социально-экономическом развитии Республики Казахстан.

Список используемой литературы:

- 1Шарафутдинов В. О смысловой нагрузке понятия «туризм» // «Туризм: право и экономика», - №2 (9) 2005. - С.18-24.
- 2Саак А.Э. Маркетинг в социально-культурном сервисе и туризме / А.Э. Саак, Ю.А. Пшеничных. - СПб.: Питер, 2007. - 480 с.
- 3Щербаков А.И. Совокупная производительность труда и основы её государственного регулирования / А.И. Щербаков. - М.: РАГС, 2004. - 395 с.
- 4Международный туризм: Правовые акты / сост. Н.И. Волошин. - М.: Финансы и статистика, 2000. - 400 с.
- 5Daniel J. Stynes. Guidelines for measuring visitor spending: [Electronic resource] / Daniel J. Stynes. - 1999. - Mode of access: <http://www.msu.edu/course/prr/econ/impact/methodos.htm>
- 6Экономика современного туризма / под ред.: Г.А. Карповой, В.Г. Воронцова, М. В. Нотарова и др. - СПб.: Герда, 1998. - 358 с.

УДК 348.38.542

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ТУРИЗМНІҢ ТҮРЛЕРІН ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Уалихан Раулан

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
«Туризм» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекші - Тұрысбекова Г.К

Оңтүстік Қазақстан облысы республиканың ең ірі аймақтарының бірі болып

табылады және шығысында – Жамбыл, солтүстігінде – Қарағанды, батысында – Қызылорда облыстарымен, оңтүстігінде – Өзбекстан Республикасымен шекаралас жатыр. Облыс аумағы 117,3 мың шаршы шақырым, мұнда 2,4 млн. шамасында халық тұрады. Облыстың әкімшілік-аумақтық құрылымына 4 облыстық, 4 аудандық бағыныстағы қалалар, 11 ауылдық аудандар кіреді.

Шымкент–Оренбург-Ташкент және Түркістан-Сібір халықаралық көлік магистральдарының түйіскен жерінде орналасқан. Бұдан бөлек, Ташкент-Шымкент-Тараз-Алматы және Ташкент-Шымкент-Түркістан-Самара авто-магистральдары арқылы ыңғайлы байланыс орнатылған.

Облыста жалпы ұзындығы 444,6 шақырым, екі бағыттағы темір жол, 5,2 мың шақырым жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары бар, оның 5,1 мың шақырымы – қатты төселімдегі жолдар. Азаматтық авиация ұзындығы 27 мың шақырым әуе жолында жұмыс жасайды.

Аумақ – барит, көмір, темір және полиметалл рудаларына, бентонитті саз балшыққа, вермикулит, тальк, әк тас, гранит, мрамор, гипске, кварцтық құм сияқты пайдалы қазбаларға бай. Облыс уран қоры бойынша республикада – бірінші, фосфорит пен темір рудасы бойынша – үшінші орынды алады.

Оңтүстік Қазақстан өлкесі көне қалалардың, зиратханалардың, басқа да ертедегі тарихи және мәдени мұралар қалдықтарына өте бай. Ұлан-ғайыр алқапты алып жатқан өлке 2000 жыл бойы ұлы Жібек жолы бойымен жүріп өткен түйе керуендерінің куәсі болған. Оңтүстік Қазақстан облысы тарихи, сәулет ескерткіштеріне бай.

Оңтүстік Қазақстан орта Азияның нақ ортасына орналасқан, сол себепті онымен тарихи ғана емес, табиғи да ұқсастығы мол.

Оңтүстік Қазақстанда мекендеген адамдардың ұрпақтарына қалдырған материалдық аз емес. Алайда бізге мұра болып қалған басты байлық; жер, аңызак желмен есілген құмдар, жиегіне ак таңдау соры шыққан кішкене көлдер, өзендер мен бұлақ бастаулардың жағасында иілеөскен сәлебі тал тоғайлары, көк жасылтау орманы, т.б. Оңтүстік Қазақстандықтар ата мекенін сақтап, оның байлығын арттыра түсіруде.

Тәуелсіздік алғалы бері елімізде қаншама мәдениет нысандары іске қосылды. Көптеген театрлар, мәдениет мекемелері ашылды. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында оңтүстікте тарихи ескерткіштер жөндеуден өткізілген. Мәдени мұралар жинақ болып шықты. Ол жыл сайын 7 пайыздан өсіп келеді. Биыл тың көтерілгелі бері болып көрмеген мол астық алынды ^[1].

Егемендігін алғаннан бері осы Оңтүстік өңірінде шешілмеген бірнеше проблемалар бар еді. Өзбекстанмен шекара жабылып, барып-келу қиындаған соң Сырдария өзенінен көпір салынды. Темір жолмәселесі дешешілді. Шығыс пен Батысты жалғаған «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жолы салынуда. Бұл күре жол Шымкент және оңтүстіктегі көптеген аудандарды басып өтеді. Мақта кластерін дамыту үшін мақта-тоқыма кәсіпорындары іске қосылуда. Халқының көптігі жағынан Шымкент Қазақстанда Астана, Алматыдан кейінгі үшінші қалаға айналуы тиіс. Қалның көркін ашатын көптеген нысандар бой көтерді. Жалпы алғанда 2 миллион 700 мың халқы бар Оңтүстік Қазақстан облысына жеткілікті деңгейде көңіл бөлініп келеді.

Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы Шымкентте «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» саябағы ашылды, туристердің келіп-кету орталығына айналууда.

Сараптаушылардың пайымдауынша, туризмнен түскен табыс мұнай экспорттау, пайдалы қазбаларды сату және автокөлік өндірісінен кейінгі үшінші орынды иеленеді. Бір саяхатшыдан түсетін табыс көлемі 9 тонна көмір немесе 2 тонна сапалы бидай бағасына тең. Осыдан саланың маңыздылығына көз жеткізуге болады.

Быттыр Оңтүстік Қазақстан облысына шетелден 8024 саяхатшы келіпті. Ішкі туризм көлемі 86815 адамды құрады. Келешекте бұл көрсеткіш көбеюі мүмкін. Қазіргі таңда тарихи орындарды аралауға мүмкіндік беретін 7 туристік бағыт бар. Олар Сайрамдағы

Ибрагим ата мен Қарашаш ана, Отырардағы Арыстанбаб, Түркістандағы Қ.А. Иассауи кесенесі мен «Әзірет Сұлтан» музей-қорығы, Темірландағы Қ. Мұңайтпасовтың мұражайы мен кесенесі, Бәйдібек ауданындағы Бәйдібек баба, Домалақ ана және Созақтағы Қарабура әулиенің кеенелерін қамтиды. Туризм және спорт министрлігінің тапсырысымен дайындалған «Ежелгі Түркістан» және «Көне Отырар» инвестициялық жобалары осы саланы өркендетуге серпін береді ^[2].

Әр саяхатшыдан түсетін табыстың жоғары екені белгілі. Ел қадірлеп, қастерлейтін қасиетті мекендерге Қазақстанның өзге облыстарынан келушілер көп. Ішкі туризм дұрыс жолға қойылмай, сыртқы туризмді дамыту мүмкін мүмкін емес. Ұлы Жібек жолының бойындағы өркениет іздерімен жүріп, сырына қанығуға көптеген шетелдіктер қызығушылық танытуда. Қазақстан ерте кезден Ұлы Жібек жолының транзиттік елі болып табылады. Ұлы Жібек Жолы сауда бағытының екі мың шақырымға жуық бөлігі Қазақстан аумағынан өтеді. Осы жолдың бойында талай туристерді тамсандыратын құнды жәдігерлер бар. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқандықтан Қазақстан аумағындағы қалалар мен табиғаты ғажайып қорықты жерлер ежелден саяхат және туризм нысандары болып табылған. Ұлы Жібек жолы кезеңінде Шымкент үлкен және жасыл қалаға айналған. Сол кезде Шымкент Қазақстанның оңтүстігіндегі жиі баратын қалалардың және жанданған қалаларының бірі болды. Оның территориясы арқылы Еуропаға тауар апаратын көптеген керуендер өтті, атақты көпестер, саяхатшылар мен әйгілі ғалымдар келді.

Оңтүстік аймақты туристердің тағы бір қызығатын мәселесі мақта-тоқыма кластері мен танысу болып табылады. Өйткені бұл техникалық дақыл тек оңтүстікте өсетіні белгілі.

Мақта-тоқыма кластерін дамыту үшін Шымкентте құрылған «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында алдағы уақытта мақта талшығын өңдеп, одан дайын өнім шығаратын ірілі-ұсақты 30-ға жуық өндіріс орны ашылмақ. Солардың бәрі «Хлопокопкопромцеллюлоза» зауытының жұмыс істей бастағанына небәрі бір жыл болғанына қарамастан елімізде де, шетелде де өте жоғары сұранысқа ие тауар өндіруде. Кәсіпорын өндіріске аса қажетті целлюлоза мен техникалық карбоксиметил целлюлозаны, сондай-ақ медицинада кеңінен қолданылатын гигроскопиялық мақта шығарады.

Отандық тоқыма бұйымын дүниежүзілік нарыққа шығаруды көздеген мақта-тоқыма кластері ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсетін сала болары сөссіз. «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында қазірдің өзінде жалпы құны 26 миллиард теңгені құрайтын 5 жоба жүзеге асуда. Ал жақын болашақта мұнда 50 миллиард теңгеге жуық шетелдік инвестиция тарту көзделген. 2015 жылы елімізде өндірілген мақта толық көлемде өзімізде өңделуі керек. Мақта-тоқыма кластерін құрудағы мақсат та осы. Бұл жоспар қарқынды түрде жүзеге асып келеді.

Мақта-тоқыма кластерінің бүгінгі қадамдары-болашақ табыстардың бастамасы ғана. Бұл саланың отандық экономикаға берер пайдасы жылдан-жылға тек арта бермек. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан тек мақта өндіруші ел болса, енді еліміз мақтаны өндірумен қатар терең өңдеуші, дайын өнім шығарушы алпауыт елге айналып келеді. Бұл Қазақстанның индустриялық дәрежесін айқындайтын фактордың бірі болмақ. Қазір мақта шаруашылығынан республикамыз жылына 250-300 миллион доллар пайда тауып отырса, мақта-тоқыма кластері толық іске қосылған соң жыл сайын 1 миллиард доллардан астам қаржы түседі. Қазақ мақтасының ғана емес, мақта өнімдерінің де әлемдік нарыққа шығуы-ел егемендігінің жемісі. Ал отандық мақта-тоқыма кластері оңтүстік өңірінің ғана емес, еліміздің де өркенді дамуына ерекше серпін беріп, экономикалық тәуелсіздікті нығайтуға үлес қосары сөзсіз ^[3].

Облыста республикалық маңызға ие 3 табиғи аймақ бар. Аты әлемге әйгілі «Ақсу-Жабағылы» Қазақстан мен Орта Азиядағы ең үлкен қорық болып танылады. 2004 жылы ашылған Қаратау қорығының да табиғатына таңданушылар көп. Ал Сайрам-Өгем ұлттық саябағының орны ерекше. 149 мың гектар аумақты алып жатқан саябақ қазақ халқының баға жетпес байлығы, мақтанышы.

Оңтүстіктің ғажап табиғаты, тау шатқалдары, өзен көлдері туристердің назарын аудармай қоймады. Осы аймақтағы табиғаттың қайталанбас інжу-маржандарының бірі – Ақсу-Жабағылы Орта Азиядағы байырғы қорық болып табылады. Бұл территорияның ең керемет гүлі – Грейг қызғалдағы өседі. Бұл гүл Оңтүстік Қазақстан облысының символы болып табылады. Мұнда көне дәуірге тән өсімдіктер мен жануарлардың көптеген түрі бастапқы қалпында сақталған. Бұл өңірдегі экзотикалық орындар Қаратау бөктеріне жақын жайғасқан Қызылкөл, табиғаты ғажайып «Бадам» шатқалындағы «Қырыққыз» туристік базасы мен Батыс Тянь-Шань сілемдеріндегі «Ақмешіт» және «Біркөлік» демалыс аймақтары, «Сайрам-су» шатқалындағы «Альтекс» спорт кешені, Машат өзеніндегі шатқал, Шардара су қоймасы, емдік-минералдық бұлақ суы бар Сарыағаш ауданының шипажай аймағы және т.б. орындар өңірдің сәні мен салтанаты. Сайрам ауданы төңірегінде орналасқан «Манкент» шипажайын айтпай кету әбестік болар. Одан бөлек қыс мезгілінде жұрттың көбі ағыла баратын «Тау самалы» тау шаңғысы базасы қыстың таза ауасын көкірек керіп жұта отырып, демалатын бірден-бір орын ^[4].

Туризм - Оңтүстік Қазақстан облысының перспективалы салаларының бірі болып табылады. Оңтүстік Қазақстан облысында туризмді дамытудың төменгі бағыттары айқындалған: -мінәжат ету туризмі (тарихи-танымдық туризмі); -экологиялық туризм; - емдеу-сауықтыру туризмі. Облыста туристік қызмет көрсету нысандарының саны 2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 13-ке артты, оның ішінде емдік-сауықтыру орындары 40 бірлік, демалыс аймақтары 34, қонақ күтетін үйлер - 6 бірлікті құрап отыр. Оңтүстік Қазақстан облысында туризм индустриясы қазіргі таңда қарқынды дамуда. Облыс өзінің тарихи-мәдени ескерткіштерімен, емдік-сауықтыру орталықтарымен, табиғи көрікті жерлерімен ерекше көзге түсуде. Сонымен қатар, қазіргі таңда облыста заманауи талаптарға сай келетін қонақ үйлер («Қайнар», «Канвас», т.б.), демалыс аймақтары («Алтын дән», «Тау самалы», «EcoVillageKaskasu», «Ақ мешіт», «Бір көлік»), емдік-сауықтыру орталықтары («Арай де Люкс», «Сарыағаш», «Kazakhstan KZ») туристерге сапалы қызмет көрсетуде.

Шардара су қоймасында туризм саласын дамытуға қолайлы жағдай бар. Осы саланы дамыту мақсатында теңіз жағасынан демалыс аймағын салу үшін орман қорынан арнайы 245 га жер бөлінген. Осы бөлінген аумақта жағажай шомылу, жағажай су спорты, балық аулау, аңшылық, құм ішінде атпен, түйемен, серуендеу, аудандағы тарихи орындарға саяхатқа шығу, құм қойнауын көлікпен аралау (сафари), емдеу-сауықтыру орындарын ашу секілді бірнеше бағыттарды жүзеге асыру мақсатында жұмыстар атқарылуда.

Сонымен қатар, Төлеби ауданындағы Қасқасу өзенінің басындағы тау бөктерінде тау шаңғысы базасының, сауықтыру кешендерінің құрылыстарын жүргізуге инвесторлар тартылып бүгінгі таңда жұмыс атқарылуда ^[5].

Қазіргі таңда облыста 44 туристік ұйым, 41 қонақ үй, 30 емдік-сауықтыру орны және 1308 кафе мен мейрамхана бар. Ішкі өрісін кеңейту үшін Қазығұрт, Сайрам, Төлеби, Түлкібас, Отырар аудандары мен Түркістан және Шымкент қалаларында туристік туристік бағыттар ашылып, жаңа нысандар салу жұмыстары жүргізілуде. Төлеби ауданындағы «Қасқасу» тау шаңғы базасы инвестициялық жобасы да келешекте қазынамызды молайта түсетіні анық.

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ірі құбыр салу жобасы болып табылады және мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігін арттыруда маңызды роль атқарады.

Президент Н.Назарбаевтың 2008 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес бұл жоба қазір газ импортына тәуелді болып отырған еліміздің оңтүстік аймақтарын газбен қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Газ құбыры іске қосылған соң импорттық жабдықтаудан толықтай бас тартуға мүмкіндік береді, ішкі нарыққа энергия қорын жеткізудің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қазақстанның бірқатар аймақтары үшін газ құбырын салу және пайдалану макроэкономикалық және әлеуметтік тұрғыдан өте тиімді, бұл әлеуметтік сала мен өндіріске қосымша инвестицияларға жол ашады. Болашақта «Бейнеу-Шымкент» газ құбыры арқылы

Қытайға табиғи газды экспорттау іске асырылмақ, бұл елімізге қосымша қаржы көздерінің келуін қамтамасыз етеді.

Болашақ газ құбыры Қазақстанның жетекші инфрақұрылым жобаларының бірі болып табылады, ол инвестициялық стратегиялық жобалар тізіміне, 2010-2014 жылдарғы Индустриализация Картасына енгізілді. Жобаға әзірлік барысында құрылыстың ТЭН оптималды талаптарын анықтау бойынша, оның ішінде қаржыландыру және экология нормасын сақтау тұрғысынан ауқымды жұмыстар атқарылды.

Жобаны бұрын жасалған мемлекет аралық келісімдер, сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және Қытай ұлттық мұнай корпорациясы арасындағы келісімге сәйкес Қазақстан мен Қытай бірлесіп іске асыруда. Осы келісімдердің ережелерін орындау мақсатында 2010 жылғы желтоқсанда Жобалау компаниясының қызметі тапсырылған «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС құрылды. ЖШС Қазақстан заңдарына сәйкес екі елдің тең үлестес негізінде құрылды. Қазақстан тарапынан құрылтайшы ретінде «ҚазТрансГаз» АҚ, қытай тарапынан – Trans-Asia Gas Pipeline белгіленді. Біздің компанияның Жарғы капиталы Қазақстан мен Қытайдың тең жарна мөлшері бойынша құрылған 1 млрд долларды құрайды.

Магистралды газ құбырының жүру бағыты бойынша 1067 мм диаметрлі құбыр Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумағынан өтеді. Оны іске асырылуы бірнеше кезеңмен іске асырылады. Жоспар бойынша өткізгіштік қабілеті 6 млрд шаршы метрге дейін жететін бірінші кезеңді аяқтау мерзімі 2013 жылға межеленді. Оның шеңберінде Самсоновка КС дейін бұру арқылы Бейнеу компрессор станциясынан (КС) Кереит КС дейін ұзындығы 1130 км учаске пайдалануға беріледі.

Екінші кезеңді іске асыру 2014-15 жылдар аралығына жоспарланды. Ұзындығы 311 км Бейнеу-Бозой және өткізгіштік қабілеті 10 млрд шаршы м. дейін ұлғайтылған қосымша КС салынады. Болашақта газ құбырының қуатын 15 млрд шаршы м дейін кеңейту, оның ішінде Қытайға Қазақстанның Ұрықтау және Жанажол кен орындарынан табиғи газды экспорттау жоспарлануда.

Салынып жатқан газ құбыры – бұл Қазақстанның оңтүстігін отандық табиғи газбен қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық жоба. Оны табысты іске асыру мақсатында біз қазақстандық жабдықтаушылар мен өндірушілердің мүмкіндігін толық пайдалануға ниеттіміз. Басымдық дәл соларға берілетін болады.

Құрылысты салу және пайдалану барысында мыңдаған жаңа жұмыс орындары ашылады, сондай-ақ, ел экономикасының түрлі салаларының дамуына оң ықпал ететін болады.

Газ құбыры құрылысының сметалық құны жобалық қаржыландыру түрінде 3,5 млрд долларды құрайды. Қаржыландыру көлемі құрылыс және инжинирингтік жұмыстарды жүргізуге қажетті күтіліп отырған көлемді ескерсек, жеткілікті түрде үйлестірілген.

Еліміз үшін әлеуметтік маңызы жоғары жоба мемлекет басшысы - Нұрсұлтан Назарбаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы - Си Цзиньпиннің қатысуымен өткен іскерлік кездесу кезінде тікелей телекөпір арқылы «Ақбұлақ» кентінде іске қосылды.

Бұл көптен күткен тарихи сәт. «Бозой-Шымкент» учаскесін газбен толтыру жобаның технологиялық процестерінің бірі. Құрылыс кестесіне сәйкес, енді «Бозой» және «Ақбұлақ» газ өлшеу станциялары пайдалануға берілетін болады. Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және ОҚО аумағынан өтетін газ құбырының жалпы ұзындығы 1477 шақырымды құрайды. Айтулы шараның Ақбұлақта басталуы бекер емес. Ақбұлақта бірнеше магистралды газ құбырлары түйіседі.

Ұзындығы 1143 шақырым болатын «Бозай-Шымкент» газ құбыры учаскесінің желілік бөлігі жылына 2,5 млрд кубка дейінгі көлемде газ тасымалдауға мүмкіндік береді. Бір ғана «Бозой» компрессорлық стансасы пайдалануға берілсе жылына қуаты 6 млрд куб газбен қамтуға мүмкіндік туады. Ең маңыздысы - оңтүстік өңіріндегі халық көгілдір отын үшін өзбекстандық пен тәжікстандық ағайынның қабағына қараудан құтылатыны. Бұл күн алыс емес ^[6].

Батыс Тянь-Шань аумағы Біргөліктен бастап, Қазығұртқа дейін жасыл желекке оранып жатады. Ақсу жабағылының өзі бір төбе. Түркістан, Арыстанбаб, Сайрамның аумағы тұнған тарих. Осы байлықтарымызды біз игілігімізге пайдалана алмай жатырмыз. Бұл бағытта мамандар көбірек дайындалу керек. «Міне, Ақсу жабағылы», «Міне, Біргөлік» десе көпшілік бара бермейді ғой. Алдымен осы аймақтар арнайы туристік база ретінде құрылып, содан кейін көпшіліктің қызығушылығын ояту керек.

Оңтүстік Қазақстан облысында әсіресе экологиялық және рекреациялық туризмді дамытуға өз үлесімді қосқым келеді. Төлеби ауданындағы «Тау самалы» және «Алма-тау» тау курорттары тамаша пейзаждармен келген туристтерді таңғалдырады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Түркістан газеті 20 қазан, 2011 ж. 8 б.
2. Қойшыбаев Е. «Қазақстан жер-су аттарының сөздігі» А. 1985 18 б.
3. «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасы. / Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: «Білім», 1997
4. <http://kazakhstan.travel/kz/attractions/city/27>
5. <http://zhebe.com/index.php/kala-tar/item/2334-o-t-stikte-turizمني-bolasha-y-zor.html>
6. http://bsgp.kz/kz/sections/about_us

УДК 316.77

РАЗВИТИЕ ТУРИЗМА В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Файзулина Лейля

manura_m.a@mail.ru

Студент ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, г.Астана, Казахстан

Научный руководитель – Сыздықбаева Б.У.

Развитие туристской отрасли в Казахстане становится одной из наиболее перспективных сфер экономики в XXI в. В Казахстане развиваются практически все существующие виды туризма. При этом наиболее приоритетными являются деловой, экологический, культурно-познавательный, а также экстремальный виды туризма.

Регионы Казахстана характеризуются различным уровнем туристического потенциала.

По мнению казахстанского ученого Садуова А.Ж., в основу типологии регионов по туристическому потенциалу заложены следующие показатели [1]:

- наличие прорывных проектов по туризму с возможностью выхода и успешной конкуренции на мировых рынках;
- наличие для таких проектов рекреационных ресурсов;
- уровень развития туристической инфраструктуры;
- наличие трудовых ресурсов.

Согласно данной типологии Актюбинский регион относится к региону, который должен взять на себя роль вспомогательного региона в организации международных туров. Через них можно проложить транзитные маршруты, организовать остановки во время турмаршрутов. Велика роль данной группы в организации и развитии внутреннего туризма.

Актюбинская область является крупным промышленным и деловым центром Западного Казахстана, имеет выгодное географическое положение и уникальные природные памятники, что позволяет предположить наличие значительного туристского потенциала.

По данным Департамента статистики Актюбинская область занимает 300,6 тыс. кв. км, что составляет 11% территории республики (вторая в стране область по площади территории), имеет границы шестью областями Казахстана, на севере с Оренбургской областью и Каракалпакской автономной областью Республики Узбекистан – на юге.

Актюбинская область расположена между Прикаспийской низменностью на западе,